

Тақырыбы: Аспаптармен жұмыс және медбикенің қауіпсіздігі.

Ампуладан, флаконнан дәрілік заттарды алу



Істей білу керек:

- Аспаптармен жұмыс және өңдеу кезінде мүмкін болатын жарақаттар
- Медициналық аспаптармен, құралдармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік ережелері
- Жарақат кезіндегі шұғыл көмек көрсету принциптері
- Ампуладан, флаконнан дәрілік заттарды алу техникасы
- Манипуляцияны орындау кезіндегі асептика ережелері

Дәріні ампуладан сорып алудың медбикелік технологиясы

Мақсаты: Дәріні парентеральды жолмен енгізу

Көрсеткіші: Дәрігер нұсқауы бойынша

Жабдықтау: бір рет қолданылатын шприц,мақта түйіршіктері,резеңке қолғап,дәрісі бар ампула,дезинфекциялық ерітіндіге салынған пинцет,егеуіш,қолданылған заттарға арналған контейнерлер.

Іс-әрекет алгоритмі.

1. Дәріні дәрігердің нұсқау қағазымен сәйкестендіру.
2. Дәріні назар аударып оқу,дозасын,сақтау мерзімін қарау.
3. Қолды жуып, антисептикпен өңдеу, қолғапты кию.
4. Бір рет қолданатын шприцті ораудан құрастыру.
5. Бүкіл дәрі кең жағында болу үшін ампуланы сол жақ қолға алып сілкілеу.
6. Ампуланың мойнын антисептикпен суланған мақта шаригімен айналмалы қозғалыспен сүрту.
7. Егеуішпен ампуланың жіңішке жағын кесу.
8. Мақта түйіршігімен сүртіп, ампуланың жіңішке жағын алып тастау.
9. Ампуланы сол жақ қолдың 2-ші 3-ші саусақ арасында ұстау.
10. Жиналған шприцті алып, 2-саусақпен шприцтің канюлясын 1,3,4-саусақпен цилиндрды,5-саусақпен поршенді ұстау. 11. Инені ампулаға ұзындығы 0,5 мм жан-жағына тигізбей кіргізу.
11. Ерітіндіні біртіндеп алып, ампуланы жоғары көтеру.
12. Инені алып тастап, басқа инъекциялық инені салу.
13. Абайлап иненің қалпақшасын аса тығыздамай жауып, ауасын шығару.
14. Шприцті ораудың ішіне қайтадан салу.



Дәріні флаконнан сорып алудың медбикелік технологиясы

Мақсаты: дәріні парантералды жолмен енгізу

Көрсеткіші: дәрігер нұсқауы бойынша

Жабдықтау: залалсыздандырылған дәрісі бар флакон, бір рет қолданылатын шприц, мақта түйіршіктері, қолғап, дәрісі бар флакон, лоток, тері антисептигі, пинцет, дәрігердің нұсқау қағазы, қауіпсіз жоюға арналған контейнер.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Дәріні дәрігердің нұсқау қағазымен сәйкестендіру.
2. Дәрінің дозасымен мерзімін тексеру.
3. Қолды жуып антисептикпен өңдеу, қолғапты кию.
4. Шприцті жинау.
5. Пинцетпен мақта түйіршігін алып, темір қорғаныш қабатын сүрту, пинцет арқылы алып тастау.
6. 2-ші мақта түйіршігімен флаконның резеңке аймағын сүрту.
7. Стандарт бойынша шприцті жинап алу.
8. Дәріні ампуладан сорып алу.
9. Флаконды сол жақ қолдың 2-3ші саусағының ортасымен ұстап, оң жақ қолдағы шприцпен флаконды 1см-ге дейін тесу.
10. Флаконды араластырып керекті мөлшерде сорып алу.
11. Шприцті инеден суырып алу.Басқа инені кіргізіп, қалпақшасын жауып ауасын шығару.
Қолғапты шешіп, қалдықтарға арналған контейнерге салу,қолды жуып құрғату.




Манипуляциядағы асептика ережелері

- Арнайы құралдармен кушетканың үстін нұсқау бойынша дезинфекциялайды
- Медициналық құралдарды қолданған соң шайып, дезерітінділі ыдысқа салып қояды
- Арнайы манипуляциялық үстелдерде журнал және басқа оқу-есептік құжаттарды толтыруға болмайды
- Манипуляциялық кабинетте істейтін медициналық қызметшілер арнайы киім киюі тиіс. Арнайы киімді күнделікті ауыстырады.
- Медициналық қызметшілер қанды нұсқау бойынша өңдеп, қан тиген орамалдарды күнделікті және күні бойы кірлеуіне қарай ауыстырады.
- Манипуляциядан кейін дезерітінді қолдану арқылы ылғалды жинау жүргізіледі.
- Манипуляциялық кабинет, палата, реанимация бөлімінде ылғалды жинау әдісімен дезерітінді қолдану арқылы Зрет жүргізіледі.
- Аптасына бір рет процедуралық кабинеттерде жалпы жинау жүргізіледі. Алдымен қабырғалар, құралдар, үстелдер, медициналық кушетка залалсыздандырылады, қоқысты жандырып, еденді мүқият жуады, бактерицидтік шамды 2 сағатқа қосады да, бөлмені желдетеді.
- Процедуралық кабинеттерде жұмыс уақытында қолданылмайтын заттарды сақтауға тиым салынады.
- Егер мейірбике процедуралық кабинетті ылғалды жинауға қатысса, оларға жинауға арнайы қосымша киім беріледі, ол негізгі арнайы киімнен бөлек сақталады.



✓ Жарақат кезіндегі көмек көрсету принциптері:

- жараны сумен немесе қандайда бір дәрілік заттармен, жууға, ұнтақ себуге және маз жағуға болмайды, себебі бұл жазылуына кедергі жасап, оған тері бетінен кірдің түсуіне септігін тигізеді және іріңденуіне әкеп соғады;
- жараның сіреспемен іріңдеуін болдырмау үшін жараны оқшаулағыш лентамен орауға немесе жараға тор таңғыштарды салуға рұқсат етілмейді. Жарақат алған кезде алғашқы көмек көрсету үшін орауышта басылған нұсқауға сәйкес дәрі-дәрмек қорабындағы жеке қолдану пакетін ашады. Таңғышты байлау кезінде оның тікелей жара бетіне байланатын бөлігін қолмен ұстауға рұқсат етілмейді.
- Егер жеке қолдану пакеті болмаса оны таңып байлау үшін таза бет орамалды, матаны пайдалануға болады. Мақтаны тікелей жараның бетіне салуға рұқсат етілмейді. Егер жараның бетіне қандайда бір ұлпа немесе орган түссе, таңғышты еш жағдайда сол ұлпаны немесе органды жараны ішіне салуға тырыспай үстінен байлайды.
- Жарақат алған кезде көмек көрсетуші қолын жууы немесе саусақтарына йод тұнбасын жағады. Жараның бетін жуылған қолмен ұстаудың өзіне рұқсат етілмейді.
- Егер жара жермен ластанған болса, дереу қан сарысуының сіреспесіне қарсы дәрі алу үшін дәрігерге барады.



Медициналық аспаптарды өңдеуге арналған заттар

Гигасепт ФФ - эндоскоптарды бұзбай заласыздандыру және дезинфекция(концентрат, 1:30 араластыру). Қолдану тәсілі-батыру арқылы сулау. Белгіленуі-эндоскоптар, анестезия және реанимацияға арналған аппараттарды дезинфекциялау және залалсыздандыру, т.б. Сипаттамасы-үнемді, дайын ерітінді, көп рет пайдалануға жарамды, 16 күннен кем емес пайдаланады. Термолабилдық материалдардан жасалған аспаптарды бүлдірмейді, коррозиялық әсерін тигізбейді. Үлестірілуі-5және 10литрлік канистралар.



Лизетол АФ - бір процестің ішінде дезинфекция және залалсыздандыруға дейінгі өңдеу (концентрат, 1:400 араластыру). Қолдану тәсілі-батыру арқылы сулау. Белгіленуі-барлық аспаптардың түрлерін дезинфекциялау және тазарту. Сипаттамасы-құрамында альдегидтері жоқ. Көп рет пайдалануға жарамды, 7 күннен кем емес, термолабильдік материалдардан жасалған аспаптарды бүлдірмейді, коррозиялық әсерін тигізбейді. Жағымды иісі бар, тазарту сапалығы жоғары. Экологиялық таза зат. Үлестірілуі-5, 10 литрлік канистралар, 2 литрлік флакондар.



**Назарларыңызға
рахмет!**